«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мурсалимова Насихат Мәзікенқызының «Жетісу ақындарының айтыстары: көпнұсқалығы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Докторант Мурсалимова Насихат Мәзікенқызының «Жетісу ақындарының айтыстары: көпнұсқалығы, текстологиясы (қолжазба негізінде)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы III Ұлттық құрылтайдағы (2024 жылғы 15 наурыз) Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге байланысты тапсырмалары мен ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»; 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және

			гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі әдебиеттану ғылымына елеулі үлес қосады. Диссертациялық зерттеуде Жетісу ақындары айтыстары дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы аясында қарастырылып, оның қазіргі әдеби үдерістегі көркемдік-эстетикалық және мәдени маңызы айқындалған. Зерттеу нәтижелері ғылыми айналымға енгізіліп, әдебиеттану ғылымының теориялық әрі әдіснамалық негіздерін толықтыруға үлес қосады. Жалпы, жұмыс ғылыми қауымдастыққа жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынып, болашақтағы зерттеулердің бағыт-бағдарын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы жоғары.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	

		1) жоғары;	Диссертанттың зерттеу жұмысын орындау деңгейі жоғары, еңбектің өзалдына дербес жазылғаны айқын аңғарылады. Диссертацияда академиялық жазу талаптары мен ғылыми этика ұстанымдары толық сақталған. Ізденушінің ғылыми стильді жетік меңгергендігі, мәселені талдаудағы өзіндік сыни көзқарасы мен ғылыми ой-тұжырымдары анық көрінеді. Зерттеу жұмысының баяндау тілі жатық әрі жүйелі. Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдары дәйекті, мазмұндық тұрғыдан салмақты және ғылыми құндылығы жоғары.
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген. Жалпы зерттеу еңбектің мазмұнынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, бұл диссертацияның өзектілігі мынадай факторлармен негізделеді: – Айтыс мәтіндерінің ауызша дәстүр арқылы таралуы, кейін әр кезеңде хатқа түсіріліп, түрлі жинақтар мен басылымдарда жариялануы олардың көпнұсқалы сипат алуына негіз болды. Соның нәтижесінде бір айтыстың бірнеше қолжазба және баспа нұсқалары қалыптасып, мәтіндер арасында мазмұндық, құрылымдық әрі тілдік айырмашылықтар пайда болған. Бұл құбылыс, әсіресе, Жетісу ақындар айтысы мұрасында айқын көрінеді. Осыған байланысты Сүйінбай – Тезек төре, Сүйінбай – Қатаған, Сүйінбай – Арыстанбек, Құлмамбет – Түбек, Құлмамбет – Түбек – Тезек төре, Құлмамбет – Майкөт, Бақтыбай – Бәйімбет, Бақтыбай – Тезек төре айтыстарының нұсқаларын текстологиялық салыстыру әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі.. – Айтыс мәтіндерінің ғылыми айналымға ену тарихын жүйелеу, олардың дереккөздік негізін
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			нақтылау қажеттігі зерттеудің өзектілігін айқындай түседі. Қолжазба қорларында сақталған айтыс нұсқалары мен әр кезеңде жарық көрген жинақтардағы мәтіндік өзгешеліктер арнайы текстологиялық сараптауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс мәтіндерінің таралу жолдарын, хатқа түсу ерекшеліктерін және жариялану кезеңдерін анықтау олардың көпнұсқалылық табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігін айқындайтын маңызды мәселелердің бірі – Жетісу айтыс мектебінің әдеби-тарихи орнын ғылыми тұрғыдан зерделеу. Бұл өңірдегі ақындық дәстүр жекелеген дарын иелерінің жиынтығы ғана емес, ортақ көркемдік ұстанымдар мен дәстүрлі сабақтастыққа негізделген айтыс мектебі ретінде қалыптасқан. Зерттеу барысында айтыс мәтіндерін текстологиялық тұрғыдан қарастыру олардың нұсқалық ерекшеліктерін ғана емес, жетісулық айтыскер ақындардың шығармашылық даму жолын, ақындық дәстүрдің жалғасу сипаты мен көркемдік эволюциясын да саралап көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық еңбектің мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеудің мазмұны қазақ әдебиетіндегі аса маңызды жанрлық құбылыстардың бірі – ақындар айтысының жанрлық табиғаты мен шығу тегін, типологиялық байланыстарын, даму үдерісін кешенді түрде қарастыру арқылы жүзеге асқан. Жетісу ақындары айтыстарының қазіргі қоғамдағы орны жаңаша, ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараланып, оның көркемдік әлемін теориялық деңгейде айқындауға мүмкіндік береді әрі мазмұн мен тақырыптың өзара логикалық сабақтастығын қамтамасыз етеді. Зерттеу жұмысының үш тарауы да

			диссертация мазмұнына сәйкес құрылып, зерттеу тақырыбының негізгі бағыттарын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы Жетісу ақындар айтысының даму және қалыптасу тарихын текстологиялық тұрғыдан зерделеуге арналған. Жетісу айтыс мектебінің өкілдері мұрасының ғылыми айналымдағы және қолжазба қорларында сақталған нұсқалары кешенді түрде қарастырылып, олардың мәтіндік табиғаты мен көпнұсқалылық сипаты жан-жақты талданған. Зерттеудің басты мақсаты айқын әрі ғылыми тұрғыдан өзекті қойылған. Автор Жетісу ақындар айтысының осы уақытқа дейін жүйелі түрде арнайы зерттелмегендігін негіздей отырып, айтыс мәтіндерінің қолжазба және жарияланған үлгілерін текстологиялық салыстыру арқылы олардың қалыптасу тарихын, мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін анықтауды мақсат еткен. Сонымен қатар бастапқы мәтінге жақын нұсқаларды ғылыми негізде айқындауға ұмтылуы жұмыстың теориялық және практикалық маңызын арттыра түседі. Зерттеу барысында Сүйінбай мен Тезек төре, Сүйінбай мен Қатаған, Сүйінбай мен Арыстанбек айтыстарының нұсқалары өзара салыстырылып, мәтіндік айырмашылықтары мен ортақ белгілері сараланған. Сондай-ақ Құлмамбет, Түбек, Майкөт, Бақтыбай секілді Жетісу ақындарының айтыс мұралары текстологиялық талдау нысанына айналып, олардың қолжазба және баспа мәтіндеріндегі өзгерістердің сипаты ғылыми тұрғыдан дәйектелген. Зерттеу жұмысының құндылығы – айтыс мәтіндеріндегі мазмұндық, құрылымдық, тілдік және көлемдік өзгерістерді нақты деректер арқылы көрсетуінде. Автор
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	

			мәтіндердің қалыптасу тарихын айқындап қана қоймай, Жетісу айтыс мектебінің шығармашылық дәстүр сабақтастығын, ақындар арасындағы поэтикалық байланысты нақты ғылыми тұжырымдармен негіздей алған. Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы қазақ фольклортану ғылымындағы айтыстану мәселелерін тереңдетуге үлес қосатын, ғылыми талаптарға сай орындалған маңызды еңбек деп бағалауға болады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми талаптарға сай жүйеленген. Еңбек анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысындағы барлық бөлімдер өзара логикалық сабақтастықта құрылып, тақырыптың мазмұнын бірізді әрі кешенді ашуға бағытталған. Диссертацияның ғылыми жүйелілігі сақталып, зерттеу нысаны мен мақсат-міндеттеріне сәйкес тұжырымдар дәйекті түрде берілген.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған ғылыми қағидаттар нақты деректермен және мәтіндік мысалдармен дәйектеліп, бұрыннан қалыптасқан ғылыми тұжырымдармен салыстырмалы әрі сыни тұрғыдан сараланған. Зерттеуші алдыңғы ғылыми еңбектердегі пікірлерді негізге ала отырып, оларды талдау арқылы өзіндік ғылыми тұжырымдарын ұсына білген. Диссертациядағы сыни пайымдаулар мен ғылыми салыстырулар жұмыстың теориялық маңызын тереңдетіп, зерттеудің ғылыми құндылығын арттыра түскен.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу барысында автор Жетісу ақындар айтысының мұрасын көпнұсқалылық және текстологиялық салыстыру негізінде кешенді түрде қарастырып, маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Диссертацияда айтыс өнерінің поэтикалық-
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			коммуникативтік табиғаты, жанрлық ерекшеліктері мен ұлттық мәдениеттегі орны теориялық тұрғыдан нақтыланып, Жетісу айтыс мектебінің тұтас шығармашылық орта ретіндегі қалыптасу ерекшеліктері ғылыми негізде дәлелденген. Сонымен қатар айтыс мәтіндерінің қолжазба және жарияланған нұсқалары салыстырылып, олардың мазмұндық, құрылымдық және тілдік айырмашылықтары текстологиялық тұрғыдан сараланған. Диссертант мәтіндердегі көпнұсқалылықтың қалыптасуына ауызша дәстүр, орындаушылық интерпретация және редакторлық ықпалдың әсерін нақты мысалдар арқылы дәйектей отырып, кеңестік кезеңдегі саяси-идеологиялық түзетулердің мәтін мазмұнына ықпалын да жүйелі түрде көрсеткен. Айтыс мәтіндерін нұсқалық тұрғыдан зерттеудің әдістемелік ұстанымдарын ұсынуы және Бақтыбай–Бәйімбет, Бақтыбай–Тезек төре айтыстарын алғаш рет ғылыми айналымға енгізуі – зерттеудің тағы бір маңызды қыры екені даусыз.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысында Жетісу ақындар айтысының мәтіндік табиғаты мен көпнұсқалылық сипаты ғылыми тұрғыдан жан-жақты әрі кешенді түрде қарастырылған. Автор айтыс мәтіндерінің қолжазба қорларында сақталған және әр кезеңде жарияланған нұсқаларын текстологиялық салыстыру арқылы олардың мазмұндық, құрылымдық және тілдік ерекшеліктерін айқындап, мәтіндік өзгерістердің пайда болу себептерін нақты ғылыми деректер негізінде дәйектей алған. Зерттеуде айтыс мәтіндерінің ауызша таралу дәстүрі, орындаушылық ерекшелік, редакторлық өңдеу мен саяси-идеологиялық ықпал нәтижесінде өзгеріске түсу үдерістері жүйелі түрде сараланып, қазақ айтыс
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			өнерінің мәтіндік қалыптасу заңдылықтарын терең түсіндіруге мүмкіндік берілген. Сонымен қатар автордың айтыс мұрасын нұсқалық тұрғыдан зерттеуге қатысты ұсынған әдістемелік ұстанымдары мен ғылыми тұжырымдары қазақ фольклортануындағы текстологиялық зерттеулердің аясын кеңейтіп, болашақтағы ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар береді. Зерттеу нәтижелері ұлттық әдеби мұраны ғылыми айналымға толыққанды енгізуге, айтыс мәтіндерінің түпнұсқалық сипатын айқындауға және қазақ айтыстану ғылымының теориялық негіздерін тереңдете түсуге елеулі үлес қосатын маңызды ғылыми еңбек ретінде бағалануға лайық.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен зерттеу шешімдерін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, ғылыми жаңалығы айқын нәтижелер ретінде бағалауға болады. Автордың текстологиялық салыстыру, нұсқатану және айтыс мәтіндерінің қалыптасу заңдылықтарын саралауға қатысты ұстанымдары ғылыми тұрғыдан дәйектеліп, зерттеу нысанын тануда жаңа бағыттар ұсынады. Сонымен қатар жұмыста қолданылған талдау тәсілдері мен ғылыми пайымдаулар зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациядағы негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделіп, ауқымды дереккөздер мен теориялық тұжырымдарға сүйене отырып жасалған. Автор зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді кеңінен пайдаланып, оларды нақты мәтіндік талдаулармен ұштастыра білген. Әсіресе айтыс мәтіндерін салыстырмалы және текстологиялық тұрғыдан саралау нәтижесінде жасалған тұжырымдар жұмыстың ғылыми дәйектілігін арттырып, зерттеудің

<table>
<tr><td></td><td></td><td></td><td>теориялық және практикалық маңызын айқындай түседі.</td></tr>
<tr><td rowspan="19">7.</td><td rowspan="19">Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</td><td>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</td><td rowspan="19">7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген.

7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.

7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа.

7.4 Диссертацияда қағидаттардың қолдану деңгейі кең.

7.5 Зерттеу жұмысы барысында 8 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда – 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 7 мақала жарияланған. Барлық мақалалар диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</td></tr>
<tr><td>7.1 Ереже дәлелденді ме?</td></tr>
<tr><td>1) дәлелденді;</td></tr>
<tr><td>2) шамамен дәлелденді;</td></tr>
<tr><td>3) шамамен дәлелденбеді;</td></tr>
<tr><td>4) дәлелденбеді;</td></tr>
<tr><td>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</td></tr>
<tr><td>7.2 Тривиалды ма?</td></tr>
<tr><td>1) ия;</td></tr>
<tr><td>2) жоқ;</td></tr>
<tr><td>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</td></tr>
<tr><td>7.3 Жаңа ма?</td></tr>
<tr><td>1) ия;</td></tr>
<tr><td>2) жоқ;</td></tr>
<tr><td>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</td></tr>
<tr><td>7.4 Қолдану деңгейі:</td></tr>
<tr><td>1) тар;</td></tr>
<tr><td>2) орташа;</td></tr>
<tr><td>3) кең</td></tr>
<tr><td>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</td></tr>
</table>

		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу барысында негізгі әдіс ретінде текстологиялық салыстыру әдісі қолданылып, айтыс мәтіндерінің әртүрлі нұсқалары өзара салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалған. Сонымен қатар жүйелеу, тарихи-деректік талдау және салыстырмалы сипаттау тәсілдері кешенді түрде пайдаланылып, мәтіндердің қалыптасу үдерісі мен нұсқалық ерекшеліктері жан-жақты сараланған. Айтыс мәтіндерінің көпқырлы табиғатына байланысты олардың мазмұндық қабатымен қатар құрылымдық ұйымдасуы, көлемдік өзгерістері, тілдік-көркемдік ерекшеліктері және орындаушылық дәстүр ықпалынан туындаған трансформациялар да ғылыми талдау нысанына алынған. Осы әдіснамалық негіз айтыс мәтіндерін ауызша дәстүр мен жазба мәдениеттің тоғысындағы күрделі мәтіндік құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік берген. Сонымен бірге зерттеу нәтижесінде жетісулық айтыскер ақындардың реестрі жасалып, олардың шығармашылық сабақтастығы тарихи-генетикалық және даму динамикасы тұрғысынан жүйеленген.
	Деректөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеу нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми-әдістемелік талаптарға сай компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Бұл деректерді өңдеу, жүйелеу және интерпретациялау үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік беріп, мәтіндік материалдарды талдаудың дәлдігін арттырған. Сонымен қатар цифрлық құралдарды пайдалану айтыс мәтіндерінің нұсқаларын салыстыру
		1) ия;	

		2) жоқ.	мен құрылымдық ерекшеліктерін айқындау барысында ғылыми талдаудың тиімділігін күшейтіп, зерттеу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз еткен.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысының қорытындылары мен негізгі тұжырымдары ғылыми тұрғыдан берік негізделіп, кең көлемді теориялық деректер арқылы дәйектелген. Диссертант ұсынған қағидаттар мен ғылыми ұсыныстар отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерімен сабақтастырыла отырып жүйелі түрде дәлелденген. Сонымен қатар автордың өзіндік ғылыми пайымдаулары нақты мәтіндік мысалдармен негізделіп, жан-жақты салыстырмалы талдау арқылы дәйектелген, бұл жұмыстың ғылыми деңгейі мен дәлелділігін айқын көрсетеді.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды ғылыми тұжырымдар сенімді ғылыми әдебиеттерге негізделіп, тиісті сілтемелер арқылы дәйектелген. Докторант зерттеу барысында қазіргі қазақ әдебиеттануы мен фольклортану салаларындағы, сондай-ақ әлемдік әдебиеттанудағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін кеңінен талдап, сол негізде ғылыми маңызы жоғары тұжырымдар жасаған. Жұмыста пайдаланылған сілтемелер мен дереккөздерді автор ұқыпты қолданған. Ғылыми аппаратты дұрыс.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуды толық қамтуға жеткілікті деңгейде жүйеленген. Докторант зерттеу барысында Қазақстан мен Ресей Федерациясының, Түркия, Қырғызстан Республикаларының ғылыми орталықтары мен кітапхана қорларында сақталған, сондай-ақ шетелдік ғылыми дереккөздерді ұтымды пайдалана білген. Зерттеу ізденістерінің ауқымдылығы пайдаланылған 131 дереккөзден тұратын әдебиеттер тізімі арқылы да

			нақты көрініс тауып, жұмыстың деректік негізінің кең әрі сенімді екенін айқындайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары. Зерттеу барысында алынған нәтижелер әдебиеттану және қазіргі қазақ қолжазбатану салаларындағы ғылыми ізденістерді толықтырып, олардың теориялық негіздерін кеңейтуге ықпал етеді. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар айтыс мәтіндерінің көпнұсқалылық табиғатын, текстологиялық ерекшеліктерін және жанрлық даму заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік беріп, аталған салалардағы зерттеулер жүйесін тереңдетеді әрі байыта түседі.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Бұл еңбекті жоғары оқу орындарында қазақ ауыз әдебиеті, текстология, фольклортану сияқты базалық және кәсіби пәндер бойынша оқу-әдістемелік материал ретінде пайдалануға болады. Диссертациялық зерттеу нәтижелері теориялық әрі практикалық тұрғыдан құнды болуы себепті оқу үдерісінде ғылыми дереккөз ретінде қолдануға толық негіз береді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық тұжырымдар ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын толықтырып, олардың мазмұндық-әдістемелік деңгейін нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар алынған қорытындылар оқу үдерісінде қолдануға қолайлы ғылыми-танымдық материал ретінде маңызды мәнге ие.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазылу сапасы жоғары деңгейде орындалған. Зерттеу еңбегі диссертацияға қойылатын барлық нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыста қолданылған нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, сондай-ақ терминдік анықтамалар ғылыми
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			стандарттарға сай жүйеленіп, ұқыпты рәсімделген. Бұл өз кезегінде зерттеудің құрылымдық тұтастығын және ғылыми аппараттың нақтылығын қамтамасыз етеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертация мазмұнымен, тұжырымдарымен және олардың дәлелдемелерімен танысу барысында арнайы ескерту жасауды қажет ететін елеулі кемшіліктер байқалмады. Дегенмен, жұмыстың мазмұндық нақтылығын одан әрі жетілдіру мақсатында төмендегі байқауды назарға алған орынды деп санаймын. Диссертант Жетісу ақындары айтыстарының жанрлық, текстологиялық және поэтикалық аспектілерін кешенді түрде қарастырған. Соған қарамастан, қазақ әдебиеті мен фольклорындағы айтыс дәстүрінің кейбір авторлық интерпретациялармен, сондай-ақ қазіргі әдеби үдерістердегі көріністерімен байланысын кеңірек талдау жұмыстың ғылыми аясын одан әрі тереңдетер еді. Бұл толықтырулар Жетісу ақындары айтыстарының қазақ әдебиеттануындағы орны мен даму ерекшелігін айқынырақ көрсетуге мүмкіндік берер еді. Аталған ескертулер диссертацияның ғылыми жаңалығына, негізгі тұжырымдарына және мазмұндық дәлдігіне нұқсан келтірмейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында диссертанттың 8 ғылыми мақаласы жарық көрген. Олардың ішінде 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін халықаралық журналда, 7 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған. Диссертанттың ғылыми жарияланымдары зерттеу тақырыбының өзектілігін ашуға бағытталып, ғылыми талаптарға сай рәсімделген және мазмұндық тұрғыдан негізделген.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша **Мурсалимова Насихат Мәзікенқызының** (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған **«Жетісу ақындарының айтыстары: көпнұсқалығы, текстологиясы (қолжазба негізінде)»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:
1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша **Мурсалимова Насихат Мәзікенқызының** (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынған **«Жетісу ақындарының айтыстары: көпнұсқалығы, текстологиясы (қолжазба негізінде)»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті **А.Ш.Пангереев**